КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАУЛЫ

2026 жылғы 08 қаңтар Іс № 2399-25-00-2а/1200 Атырау қаласы

Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасы құрамында:
төрағалық етуші судья Б.Б.Нуржанова,
судьялар Б.Б.Жумабаев, М.М.Ергазиев болып,
«Whatsapp» мобильді бейнеконференцбайланысы қосымшасы арқылы прокурор С.Көптілеуовтың, талап қоюшының өкілі С.Ө.Қатиетовтың, жауапкер өкілі Т.Б.Бекетовтың қатынасуларымен, ашық сот отырысында
талап қоюшы «Жылыой ауданы жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі - ММ) жауапкер «KazWestTeam» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне (бұдан әрі - ЖШС) мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы азаматтық істі
Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2025 жылғы 18 қыркүйектегі шешіміне талап қоюшы «Жылыой ауданы жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ-нің берген апелляциялық шағымымен қарап,

АНЫҚТАҒАНЫ:

Тараптар арасында құрылыс саласындағы жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы төрт шарт жасалған.

1.2024 жылғы 4 шілдеде құрылыс саласындағы жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы №65 шарт (бұдан әрі - шарт №65) жасалып, жауапкер «Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, Автожолшылар ықшам ауданындағы «Өркен» балабақшасының жанынан автотұрақ салу» қызметін құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізуді бастау туралы хабарлама (бұдан әрі - хабарлама) алған сәттен бастап 1,7 ай мерзім ішінде көрсетуге міндеттенген.

Шарттың қолданыс мерзімі 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін, жалпы бағасы 22 562 224 теңге.

2024 жылғы 4 шілдеде шарт №65 қазынашылық органға тіркелген.

2025 жылғы 4 наурызда шартқа игерілмеген қаржыны келесі қаржы жылына қосу бойынша №65-4 қосымша келісім жасалған.

Хабарламаның қабылданған күні - 2024 жылғы 25 желтоқсанда.

Хабарламаға сәйкес құрылыс жұмыстардың басталуы - 2024 жылғы 15 желтоқсан, аяқталуы - 2025 жылғы 22 қаңтар.

2.2024 жылғы 4 шілдеде тараптар арасында құрылыс саласындағы жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы №67 шарт (бұдан әрі - шарт №67) жасалып, жауапкер «Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, Атамұра
ықшам ауданында автотұрақ салу» қызметін хабарлама алған сәттен бастап 2 ай мерзім ішінде көрсетуге міндеттенген.

Шарттың қолданыс мерзімі 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін, жалпы бағасы 20 605 994 теңге.

2024 жылғы 4 шілдеде шарт №67 қазынашылық органға тіркелген.

2025 жылғы 4 наурызда шартқа игерілмеген қаржыны келесі қаржы жылына қосу бойынша №67-4 қосымша келісім жасалған.

Хабарламаның қабылданған күні - 2024 жылғы 25 желтоқсанда.

Хабарламаға сәйкес құрылыс жұмыстардың басталуы - 2024 жылғы 20 желтоқсан, аяқталуы - 2025 жылғы 20 ақпан.

3.2024 жылғы 4 шілдеде тараптар арасында құрылыс саласындағы жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы №73 шарт (бұдан әрі - шарт №73) жасалып, жауапкер

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Құжатқа қол қойылған: Нұржанова Б. Б., 09.01.2026
Құжатқа қол қойылған: Жумабаев Б. Б., 09.01.2026
Құжатқа қол қойылған: Ергазиев М. М., 09.01.2026

«Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, Думан ықшам ауданы №19 мектеп жанынан автотұрақ салу» қызметін хабарлама алған сәттен бастап 2,2 ай мерзім ішінде көрсетуге міндеттенген.

Шарттың қолданыс мерзімі 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін, жалпы бағасы 37 026 248 теңге.

2024 жылғы 4 шілдеде шарт №73 қазынашылық органға тіркелген.

2025 жылғы 4 наурызда шартқа игерілмеген қаржыны келесі қаржы жылына қосу бойынша №73-4 қосымша келісім жасалған.

Хабарламаның қабылданған күні - 2024 жылғы 25 желтоқсанда.

Хабарламаға сәйкес құрылыс жұмыстардың басталуы - 2024 жылғы 28 қараша, аяқталуы - 2025 жылғы 1 ақпан.

4.2024 жылғы 4 шілдеде тараптар арасында құрылыс саласындағы жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы №75 шарт (бұдан әрі - шарт №75) жасалып, жауапкер «Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, Бірлік ықшам ауданы №9 мектеп жанынан автотұрақ салу» қызметін хабарлама алған сәттен бастап 2 ай мерзім ішінде көрсетуге міндеттенген.

Шарттың қолданыс мерзімі 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін, жалпы бағасы 28 771 666 теңге.

2024 жылғы 4 шілдеде шарт №75 қазынашылық органға тіркелген.

2025 жылғы 4 наурызда шартқа игерілмеген қаржыны келесі қаржы жылына қосу бойынша №75-5 қосымша келісім жасалған.

Хабарламаның қабылданған күні - 2024 жылғы 25 желтоқсанда.

Хабарламаға сәйкес құрылыс жұмыстардың басталуы - 2024 жылғы 1 желтоқсан, аяқталуы - 2025 жылғы 1 ақпан.

2024 жылғы 23 желтоқсанда Бөлім «Атырау облысы құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы» мемлекеттік мекемесіне (бұдан әрі - Басқарма) жолдаған хатында ауа райының қолайсыздығына байланысты
хабарламалардың мерзімін 4 айға созуды сұраған.

2024 жылғы 24 желтоқсанда Басқарма көрсетілген хаттағы өзгерістердің қаперге алынғанын хабарлаған.

2025 жылғы 9 ақпанда тараптар арасында веб-портал арқылы шарттарға қосымша келісімдер жасалып, шарттардағы құрылыс жұмыстарының аяқталу мерзімі - 2025 жылғы 30 сәуір деп белгіленген.

2025 жылғы 27 маусымда Тапсырыс беруші Мердігерге шарттар бойынша міндеттемелер 2025 жылғы 30 сәуірге дейін аяқталуға жататындығы туралы хабарлаған.

Талап қоюшы «Жылыой ауданы жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ-сі 2025 жылғы 15 тамызда сотқа жауапкер «KazWestTeam» ЖШС-гін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюмен жүгінген, талап қоюда 2025 жылғы 9 ақпанда тараптар арасында веб-портал арқылы шарттарға қосымша келісімдер жасалып, шарттардағы құрылыс жұмыстарының аяқталу мерзімі - 2025 жылғы 30 сәуір деп белгіленгенін, алайда құрылыс жұмыстарының құрылыс жұмыстарының аяқталмай отырғанын, шарттардың 8,3 тармағына сәйкес жұмыстарды орындау мерзімін өткізіп алған жағдайда тапсырыс беруші орындаушыдан мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын өндіріп алатыны көзделгенін көрсеткен.

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2025 жылғы 18 қыркүйектегі шешімімен талап қоюшы «Жылыой ауданы жолаушылар көлігі

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Құжатқа қол қойылған: Нұржанова Б. Б., 09.01.2026
Құжатқа қол қойылған: Жумабаев Б. Б., 09.01.2026
Құжатқа қол қойылған: Ергазиев М. М., 09.01.2026

және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің жауапкер «KazWestTeam» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырудан бас тартылған.

Осы соттың 2025 жылғы 18 қыркүйектегі ұйғарымымен талаптың тұрақсыздық айыбын өндіру туралы бөлігі қараусыз қалдырылған.

Бұған дейін бөлім жауапкер «KazWestTeam» ЖШС-не мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюмен сотқа 2025 жылғы 27 мамырда жүгінген, ол қойылған талап осы соттың 2025 жылғы 20 маусымдағы ұйғарымымен қараусыз қалдырылған.

Апелляциялық шағымда талап қоюшы «Жылыой ауданы жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ-сі соттың шешімімен келіспей, онда өздерінің алғашқыда Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі - «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңы) 12-бабы 4-тармағы 3) тармақшасына сәйкес, жауапкер тарапынан мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы бұзу фактісі белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей жауапкер «KazWestTeam» ЖШС-не мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюмен сотқа 2025 жылғы 27 мамырда жүгінгендерін, ол талаптарының соттың 2025 жылғы 20 маусымдағы ұйғарымымен қараусыз қалдырылғанын, бұндай жағдайда соттың шешімінде талап қойылғанда аталған мерзім сақталмаған деп көрсетілуі негізсіздігін көрсетіп, істі қайтадан қарауды және іс бойынша берілген талаптарын қанағаттандыруды сұраған.

Соттың 2025 жылғы 18 қыркүйектегі талаптың тұрақсыздық айыбын өндіру туралы бөлігін қараусыз қалдырылған ұйғарымына апелляциялық тәртіпте жеке шағым болмаса наразылық келтірілмеген.

Талап қоюшының өкілі С.Ө.Қатиетовтың апелляциялық шағымды қолдап берген сөзін, жауапкер өкілі Т.Б.Бекетовтың апелляциялық шағымға қарсылығын, прокурор С.Көптілеуовтың сот шешімінің күші жойылуға жататыны туралы қорытындысын тыңдап, апелляциялық шағымның уәждерін тексеріп, ұсынылған материалдар бойынша істің нақты мән-жайларының анықталуының, материалдық құқық нормаларының қолданылуы мен түсіндірілуінің дұрыстығын, сондай-ақ істі қарау мен шешу кезінде азаматтық процестік заң нормаларының сақталуын тексеріп, сот алқасы төмендегідей тұжырымға келеді.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінде (бұдан әрі - АПК) 427-бабының 1-бөлігінің 1), 2), 3), 4) тармақтарына сәйкес, апелляциялық тәртіппен сот шешімінің күшін жоюға не оны өзгертуге іс үшін маңызы бар мән-жайлар ауқымының дұрыс айқындалмауы және анықталмауы; бірінші сатыдағы сот анықтаған, іс үшін маңызы бар мән-жайлардың дәлелденбеуі; бірінші сатыдағы сот шешімінде баяндалған қорытындылардың істің мән-жайларына сәйкес келмеуі; материалдық немесе процестік құқық нормаларының бұзылуы немесе дұрыс қолданылмауы негіз болып табылады.

Іс бойынша мұндай кемшіліктер орын алған.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

АК-нің 272-бабының талабына сәйкес: міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда-іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (2024 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі қолданыста болған) 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Құжатқа қол қойылған: Нұржанова Б. Б., 09.01.2026
Құжатқа қол қойылған: Жумабаев Б. Б., 09.01.2026
Құжатқа қол қойылған: Ергазиев М. М., 09.01.2026

алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Аталған заңның 12-бабының 5-тармағына сай, осы баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі заңды күшіне енген сот шешімдерінің негізінде қалыптастырылады.

Жауапкердің шарт бойынша міндеттемелерін мерзімінде орындамауы талап қоюшының сотқа мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюмен жүгінуіне негіз болған.

Сот отырысында анықталғандай тараптар арасында 2024 жылғы 4 шілдеде құрылыс саласындағы жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы төрт шарт жасалған.

Осылардан: 1 №65 шарт бойынша жауапкер «Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, Автожолшылар ықшам ауданындағы «Өркен» балабақшасының жанынан автотұрақ салу» қызметін құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізуді бастау туралы хабарлама алған сәттен бастап 1,7 ай мерзім ішінде көрсетуге міндеттенген.

Шарттың қолданыс мерзімі 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін, жалпы бағасы 22 562 224 теңге.

2024 жылғы 4 шілдеде шарт №65 қазынашылық органға тіркелген.

2025 жылғы 4 наурызда шартқа игерілмеген қаржыны келесі қаржы жылына қосу бойынша №65-4 қосымша келісім жасалған.

Хабарламаның қабылданған күні - 2024 жылғы 25 желтоқсанда.

Хабарламаға сәйкес құрылыс жұмыстардың басталуы - 2024 жылғы 15 желтоқсан, аяқталуы - 2025 жылғы 22 қаңтар.

Сотқа талап қойылған күнге жұмыс 40 %-ға аяқталған.

2. №67 шарт бойынша жауапкер «Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, Атамұра ықшам ауданында автотұрақ салу» қызметін хабарлама алған сәттен бастап 2 ай мерзім ішінде көрсетуге міндеттенген.

Шарттың қолданыс мерзімі 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін, жалпы бағасы 20 605 994 теңге.

2024 жылғы 4 шілдеде шарт №67 қазынашылық органға тіркелген.

2025 жылғы 4 наурызда шартқа игерілмеген қаржыны келесі қаржы жылына қосу бойынша №67-4 қосымша келісім жасалған.

Хабарламаның қабылданған күні - 2024 жылғы 25 желтоқсанда.

Хабарламаға сәйкес құрылыс жұмыстардың басталуы - 2024 жылғы 20 желтоқсан, аяқталуы - 2025 жылғы 20 ақпан.

Сотқа талап қойылған күнге жұмыс 40 %-ға аяқталған.

3.№73 шарт бойынша жауапкер «Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, Думан ықшам ауданы №19 мектеп жанынан автотұрақ салу» қызметін хабарлама алған сәттен бастап 2,2 ай мерзім ішінде көрсетуге міндеттенген.

Шарттың қолданыс мерзімі 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін, жалпы бағасы 37 026 248 теңге.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Құжатқа қол қойылған: Нұржанова Б. Б., 09.01.2026
Құжатқа қол қойылған: Жумабаев Б. Б., 09.01.2026
Құжатқа қол қойылған: Ергазиев М. М., 09.01.2026

2024 жылғы 4 шілдеде шарт №73 қазынашылық органға тіркелген.

2025 жылғы 4 наурызда шартқа игерілмеген қаржыны келесі қаржы жылына қосу бойынша №73-4 қосымша келісім жасалған.

Хабарламаның қабылданған күні - 2024 жылғы 25 желтоқсанда.

Хабарламаға сәйкес құрылыс жұмыстардың басталуы - 2024 жылғы 28 қараша, аяқталуы - 2025 жылғы 1 ақпан.

Сотқа талап қойылған күнге жұмыс 50 %-ға аяқталған.

4.№75 шарт бойынша жауапкер «Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, Бірлік ықшам ауданы №9 мектеп жанынан автотұрақ салу» қызметін хабарлама алған сәттен бастап 2 ай мерзім ішінде көрсетуге міндеттенген.

Шарттың қолданыс мерзімі 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін, жалпы бағасы 28 771 666 теңге.

2024 жылғы 4 шілдеде шарт №75 қазынашылық органға тіркелген.

2025 жылғы 4 наурызда шартқа игерілмеген қаржыны келесі қаржы жылына қосу бойынша №75-5 қосымша келісім жасалған.

Хабарламаның қабылданған күні - 2024 жылғы 25 желтоқсанда.

Хабарламаға сәйкес құрылыс жұмыстардың басталуы - 2024 жылғы 1 желтоқсан, аяқталуы - 2025 жылғы 1 ақпан.

Сотқа талап қойылған күнге жұмыс 45 %-ға аяқталған.

2025 жылғы 9 ақпанда тараптар арасында веб-портал арқылы шарттарға қосымша келісімдер жасалып, шарттардағы құрылыс жұмыстарының аяқталу мерзімі - 2025 жылғы 30 сәуір деп белгіленген.

Талап қоюшы «Жылыой ауданы жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ-сі жауапкер «KazWestTeam» ЖШС-не мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюмен сотқа 2025 жылғы 27 мамырда жүгінген, ол қойылған талап осы соттың 2025 жылғы 20 маусымдағы ұйғарымымен қараусыз қалдырылған.

Осыдан кейін талап қоюшы «Жылыой ауданы жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ-сі 2025 жылғы 15 тамызда сотқа жауапкер «KazWestTeam» ЖШС-гін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюмен қайталап, екінші рет жүгінген, талап қоюда 2025 жылғы 9 ақпанда тараптар арасында веб-портал арқылы шарттарға қосымша келісімдер жасалып, шарттардағы құрылыс жұмыстарының аяқталу мерзімі - 2025 жылғы 30 сәуір деп белгіленгенін, алайда құрылыс жұмыстарының құрылыс жұмыстарының аяқталмай отырғанын, шарттардың 8,3 тармағына сәйкес жұмыстарды орындау мерзімін өткізіп алған жағдайда тапсырыс беруші орындаушыдан мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын өндіріп алатыны көзделгенін көрсеткен.

Дауланып отырған тырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2025 жылғы 18 қыркүйектегі шешімімен талап қоюшы «Жылыой ауданы жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ-нің жауапкер «KazWestTeam» ЖШС-не мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырудан бас тартылған.

Бұған соттың талап қоюшы «Жылыой ауданы жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ-сі 2025 жылғы 15 тамызда сотқа жауапкер «KazWestTeam» ЖШС-гін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен жүгінгенде «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12-бабы 4-тармағы 3) тармақшасында белгіленген сәйкес, жауапкер тарапынан мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы бұзу

2399-25-3-2/1200

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Құжатқа қол қойылған: Нұржанова Б. Б., 09.01.2026
Құжатқа қол қойылған: Жумабаев Б. Б., 09.01.2026
Құжатқа қол қойылған: Ергазиев М. М., 09.01.2026

фактісі белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күнді өткізіп алған деген тұжырымға келуі негіз болған.

Соттың шешімінде 2025 жылғы 9 ақпанда тараптар арасында веб-портал арқылы шарттарға қосымша келісімдер жасалып, шарттардағы құрылыс жұмыстарының аяқталу мерзімі - 2025 жылғы 30 сәуір деп белгіленгендіктен, тапсырыс берушіге Серіктестіктің шарт талаптарын бұзғаны туралы 2025 жылғы 30 сәуірден бастап, яғни жұмыстар орындалмаған сәттен бастап белгілі болғаны, демек ол сотқа талап қоюмен 2025 жылғы 30 мамырға дейін жүгінуге тиістілігі көрсетілген.

Апелляциялық саты соты алқасы АПК-нің 413-бабының 1-бөлігі негізінде дауланып отырған сот шешімінің заңдылығы мен негізділігін толық көлемде тексере келе, бірінші сатыдағы сот іс бойынша қойылған талаптарға қатысты істі дұрыс шешу үшін маңызды мән-жайлардың шеңберін жалпы алғанда дұрыс анықтап, тараптардың тапсырған дәлелдемелерін процестік заңды сақтаумен зерттей тұра, қолданылуға жататын заң нормасын қате қолданып, заңды және негізді деп саналмайтын шешім қабылдаған деп табады.

Өйткені істі апелляциялық саты сотында қарау барысында сотпен шешім қабылданғанда талап қоюшы «Жылыой ауданы жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ-сі алғашқыда «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12-бабы 4-тармағы 3) тармақшасына сәйкес, жауапкер тарапынан мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы бұзу фактісі белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей жауапкер «KazWestTeam» ЖШС-не мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюмен сотқа 2025 жылғы 27 мамырда жүгінгені, ол талаптарының соттың 2025 жылғы 20 маусымдағы ұйғарымымен қараусыз қалдырылғаны ескерілусіз қалған.

Бұл істің істің мән-жайлары талап қоюшы «Жылыой ауданы жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ-нің жауапкер «KazWestTeam» ЖШС-не мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюмен сотқа 2025 жылғы 27 мамырда сот кабинеті арқылы жолдаған талап қоюымен, оны 2025 жылғы 29 мамырдағы автоматтандырылған бөлу талонымен, соттың 2025 жылғы 5-ші және 10 маусымдағы іс жүргізуге қабылдау, азаматтық іс қозғау, істі сот талқылауына дайындау туралы, 2025 жылғы 20 маусымдағы талап қоюды қараусыз қалдыру туралы ұйғарымдарымен толықтай дәлелденеді.

Осыдан аталған 2025 жылғы 20 маусымдағы талап қоюды қараусыз қалдыру туралы ұйғарымда көрсетілгендей талаптың жауапкер «KazWestTeam» ЖШС-гін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы бөлігінің қараусыз қалдырылуының негізі ретінде талап қою электрондық және жазбаша құжат нысанында беріліп, оған Б.Бозжигитовтың қолы қойылғаны, алайда оның талап қоюға өкілдігін растайтын сенімхаты және талап қоюшыда жұмыс жасайтынын растайтын құжаты немесе АПК-нің 59-бабында көрсетілген басқа құжаттары тіркелмегені, сондай-ақ талап қоюшының талабы тараптар арасында 2024 жылғы 4 шілдеде жасалған №№32,34,39,41 шарттарға негізделе тұра, талап қоюға тараптар арасында жасалған №№65,67,73,75 шарттарының тіркелгені, яғни талап АПК-нің 149-бабының талаптарына сәйкес келмейтіні көрсетілген.

Сот алқасы соттың ұйғарымымен аталған бөлікте, онда көрсетілген негіздермен талап қою қараусыз қалдырылуы - өздігінен екінші рет, қайталап талап берілгенде талап қоюшы «Жылыой ауданы жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ-сін «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12-бабы 4-тармағы 3) тармақшасында белгіленген жауапкер тарапынан мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы бұзу фактісі

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Құжатқа қол қойылған: Нұржанова Б. Б., 09.01.2026
Құжатқа қол қойылған: Жумабаев Б. Б., 09.01.2026
Құжатқа қол қойылған: Ергазиев М. М., 09.01.2026

белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күнді өткізіп алған болып есептелмейді - деп табады.

Өйткені «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12-бабы 4-тармағы 3) тармақшасында болмаса Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 21 сәуірдегі № 4 «Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы» нормативтік қаулысының 3-тармағында берілген түсіндірмелерде бар болғаны тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндеттілігі белгіленген.

Талап қоюшы «Жылыой ауданы жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ-сі мен алғашқыда жауапкер «KazWestTeam» ЖШС-не мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа 2025 жылғы 27 мамырда жүгінгенде аталған мерзім сақталған.

Екінші рет қайталап 2025 жылғы 15 тамызда талап берілген кезде ол мерзім соттың 2025 жылғы 20 маусымдағы ұйғарымымен талап қою қараусыз қалдырылуы салдарынан, яғни талап қоюшының еркіне байланысты емес себептермен өтіп кеткен.

Сот алқасы отырысында қосымша тексерілгенде талапқа қол қойған Б.Бозжигитовтың талап қоюшы «Жылыой ауданы жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ-нің басшысы болып 2024 жылғы 30 шілдеде тағайындалғаны, яғни талапқа қол қоюға даусыз түрде өкілеттілігі болғаны, 2025 жылғы 12 тамызда жолданған хабарламамен тараптардың арасында жасалған шарттардың біржақты түрде бұзылғаны анықталды.

Аталған 2025 жылғы 20 маусымдағы соттың ұйғарымымен талап қоюшы «Жылыой ауданы жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ-нің жауапкер «KazWestTeam» ЖШС-не мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы АПК-нің 279-бабының 1) тармақшасы, яғни талап қоюшы осы санаттағы істер үшін заңда белгіленген немесе шартта көзделген дауды сотқа дейін реттеу тәртібін сақтамағаны және осы тәртіпті қолданудың мүмкіндігі жойылмағаны негізінде қараусыз қалдырылған.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 21 сәуірдегі № 4 «Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы» нормативтік қаулысының 5-тармағында берілген түсіндірмелерге сәйкес соттар Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына қосымшалармен бірқатар үлгілік шарттар бекітілгенін ескеруі тиіс.

Барлық Үлгілік шарттарда мазмұны бірдей "Даулы мәселелерді шешу" бөлімі көзделген, оған сәйкес Тапсырыс беруші мен Өнім беруші тікелей келіссөздер процесінде олардың арасында мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша немесе оған байланысты туындайтын барлық келіспеушіліктерді немесе дауларды шешу үшін бар күш-жігерін салуы тиіс. Егер осындай келіссөздерден кейін Тапсырыс беруші мен Өнім беруші шарт бойынша дауды шеше алмаса, тараптардың кез келгені осы мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап ете алады.

Тараптар Үлгілік шартқа осы талаптардың негізінде қол қойып, дауды сотқа дейін реттеудің көзделген тәртібін сақтайды.

Демек, талап қоюшы талап қою кезінде дауды алдын ала сотқа дейін реттеудің шартта көзделген тәртібінің сақталғанын растайтын құжаттарды қоса тіркеуге міндетті.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Құжатқа қол қойылған: Нуржанова Б. Б., 09.01.2026
Құжатқа қол қойылған: Жумабаев Б. Б., 09.01.2026
Құжатқа қол қойылған: Ергазиев М. М., 09.01.2026

Дауды алдын ала сотқа дейін немесе соттан тыс реттеу тәртібінің сақталғанын растайтын тиісті дәлелдемелердің болмауы АПК-нің 152-бабы бірінші бөлігінің 1) тармақшасының негізінде талап қоюды қайтару үшін негіз болып табылады.

Осы ережелер әлеуетті өнім берушіні (өнім берушіні) мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы қойылатын талаптарға қолданылмайды.

Сот алқасы істің жоғарыда анықталған мән-жайларын, сондай-ақ «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12-бабы 4-тармағы 3) тармақшасының талаптарын, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 21 сәуірдегі № 4 «Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы» нормативтік қаулысының 3-ші және 5-ші тармақтарында берілген түсіндірмелерді ескере келе, дауланып отырған соттың шешімі заңсыз және негізсіз деп танылып, күші жойылуға, сәйкесінше талап қоюшы «Жылыой ауданы жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ-нің жауапкер «KazWestTeam» ЖШС-не мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюын қанағаттандыру туралы жаңа шешім шығарылуға жатады деген тұжырымға келеді.

Демек, «KazWestTeam» ЖШС-гі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылуға, талап қоюшы «Жылыой ауданы жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ-нің апелляциялық шағымы қанағаттандырылуға жатады.

Сот алқасының қаулысымен талаптың қанағаттандырылуына байланысты АПК-нің 117-бабының 1-бөлігі негізінде жауапкер «KazWestTeam» ЖШС-ненмемлекет кірісіне 2 162 теңге мемлекеттік баж өндірілуге тиіс.

Баяндалғандар негізінде Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 424-бабының 1-бөлігінің 3) тармақшасын, 425-бабының 1) тармақшасын, 426, 431,434-ші баптарын басшылыққа алып, алқа

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2025 жылғы 18 қыркүйектегі шешімінің күші жойылсын.

Талап қоюшы «Жылыой ауданы жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің жауапкер «KazWestTeam»жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюын қанағаттандыру туралы жаңа шешім шығарылсын.

«KazWestTeam» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«KazWestTeam»жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 2 162 (екі мың бір жүз алпыс екі) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Талап қоюшы «Жылыой ауданы жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің апелляциялық шағымы қанағаттандырылсын.

Қаулы жария етілген күннен бастап заңды күшіне енеді.

Тараптар және іске қатысушы басқа да тұлғалар Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 435, 436- баптарының талаптарын сақтай отырып, қаулы заңды күшіне енген күннен бастап алты ай мерзімде кассациялық тәртіппен азаматтық істер жөніндегі кассациялық сотқа кассациялық шағым, прокурор наразылық беруге құқылы.

Төрағалық етуші: Б.Б.Нуржанова

Судьялар: Б.Б.Жумабаев

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

М.М.Ергазиев

Құжатқа қол қойылған: Нұржанова Б. Б., 09.01.2026
Құжатқа қол қойылған: Жұмабаев Б. Б., 09.01.2026
Құжатқа қол қойылған: Ергазиев М. М., 09.01.2026
2399-25-3-2/1200

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Құжатқа қол қойылған: Нұржанова Б. Б., 09.01.2026
Құжатқа қол қойылған: Жумабаев Б. Б., 09.01.2026
Құжатқа қол қойылған: Ергазиев М. М., 09.01.2026

ЖАДЫНАМА

Құрметті сот ісіне қатысушы!

Егер Сіз апелляциялық сатыдағы қаулымен келіспесеңіз, қаулы заңды күшіне енген күннен бастап 6 ай ішінде оны кассациялық сотқа шағымдануға құқығыңыз бар (Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (АПК) 435, 436-бабы).

Қазақстан Республикасының кассациялық сотына өтінішхат берер алдында мыналарды міндетті түрде тексеріп алыңыз:

I. Сіздің ісіңіз кассациялық тәртіпте қаралуға жата ма?
ҚР АПК-нің 434-бабының 2-бөлігімен танысыңыз, онда кассациялық тәртіппен қайта қарауға жатпайтын сот актілерінің тізбесі көрсетілген.

II. Өтінішхат пен құжаттарды ресімдеудің дұрыстығы
- Өтінішхат ҚР АПК-нің 441-бабының талаптарына сәйкес келуі тиіс.
- Егер сіз өкіл арқылы жүгінсеңіз, оның өкілеттігі ҚР АПК 61-бабына сәйкес ресімделгеніне көз жеткізіңіз.
- Өтінішхатқа мыналар қоса берілуі тиіс:
  - сенімхат
  - адвокат куәлігі және қорғау туралы жазбаша хабарлама (адвокат үшін)
  - заң консультанттары палатасына мүшелігін растайтын құжат (заңгерлер үшін).

III. Мемлекеттік бажды төлеу
Мемлекеттік бажды төлемес бұрын:
- ҚР Салық кодексінің 610-бабымен;
- АПК-нің 104-бабымен;
- Жоғарғы Соттың 07.07.2016 жылғы №6 «Мәмілелер жарамсыздығының және олардың жарамсыздығының салдарларын соттардың қолдануының кейбір мәселелері туралы» нормативтік қаулысының 3-тармағымен.
- ҚР СК 616-бабымен (мемлекеттік баж төлеуден босату негіздері) мұқият танысыңыз.

IV. Қазақстан Республикасының кассациялық сотына мемлекеттік бажды төлеу үшін деректемелер:

Бенефициары: «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Астана қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Сарыарқа ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы» РММ

БСН: 981140001115

ЖСК: KZ24070105KSN0000000

Бенефициар банкі: «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті» ММ

БСК: KKMFKZ2A

Салық органының коды: 6203

БСК 108126 - Жергілікті бюджетке түсетін мемлекеттік баж

ТТК 911